



Қазақстан Республикасы

Гылым және жоғары білім

министрінің

2022 жылны «25» нараңшадағы

№ 159 бүйрөгімен бекітілген

«Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 331 бүйрөгімен бекітілген «Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) келесі өзгерістер енгізілсін:

1. Жарғының титул парагы осы өзгерістерге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Жарғының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» (бұдан әрі – Қоғам) коммерциялық емес акционерлік қоғамының осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, Қоғамды ұйымдастырудың және жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыretін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайтын құрылтай құжаты болып табылады.

2. Жарғының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоғамның атауы:

толық атауы:

1) мемлекеттік тілде – «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде – некоммерческое акционерное общество «Павлодарский педагогический университет имени Элкей Марғұлан»;

3) ағылшын тілінде – non-profit joint-stock company «Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan»;

қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде – «Ә. Марғұлан атындағы ППУ» КеАҚ;

2) орыс тілінде – НАО «ППУ имени А. Марғұлан»;

3) ағылшын тілінде – NPJSC «PPU named after A. Margulan»..».

3. Жарғының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қоғамның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қаласы, Олжабай батыр көшесі, 60-құрылыш.».